

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялардың нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 11 қазандағы № 309/7 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 қазанда № 5249 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 173/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 20.06.2017 № 173/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 5-тармағына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялардың нормалары (1 гектар және (немесе) 1 тоннаға) бекітілсін.

2. Қалалар мен аудандар әкімдері субсидиялардың мақсатты пайдаланылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында
орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Қ.
Қасеновқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа
енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Бақауов

Павлодар облысы әкімдігінің
2016 жылғы 11 қазандағы
№ 309/7 қаулысына
қосымша

**2016 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы
дақылдарының тізбесі және басым дақылдар өндіруді
субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының
шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай
материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын
жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың
құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта
өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған
субсидиялардың нормалары (1 гектар және (немесе) 1 тоннаға)**

Р/с №	Басымды дақылдардың тізбесі	1 гектарға бюджеттік субсидиялардың нормалары, теңге
1.	Бидай	500
2.	Дәнбұршақ дақылдары	3000
3.	Арпа	2000
4.	Сұлы	2000
5.	Қаракұмық	3000
6.	Тары	2500
7.	Күздік қарабидай	2000
8.	Бір жылдық шөптер	2500
9.	Бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы көп жылдық бұршақ тұқымдас шөптер	800
10.	Ағымдағы жылғы егістің көп жылдық шөптері	2000
11.	Сүрлемдік жүгері	10000
12.	Күнбағыс	2350
13.	Рапс	2500
14.	Зығыр	2500
15.	Көкөністер	6000
16.	Бақша дақылдары	6000

17.	Тамшылатып суармалау жағдайындағы бірінші жылғы картоп, көкөністер және бақша дақылдары және жүгері	75000
18.	Тамшылатып суармалау жағдайындағы екінші және одан да көп жылғы картоп, көкөністер, бақша дақылдары және жүгері	45000
19.	Өнеркәсіптік үлгідегі жылыжайлардың қорғалған топырақ жағдайындағы көкөністері (1 дақыл айналымы)	1500000
20.	Қарапайым үлгідегі жылыжайлардың қорғалған топырақ жағдайындағы көкөністері (1 дақыл айналымы)	400000
21.	Картоп	3000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК